

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Үндістан Республикасының Коммуникациялар және ақпараттық технологиялар министрлігі арасындағы Ақпараттық технологиялар паркі шеңберіндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 966 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Үндістан Республикасының Коммуникациялар және ақпараттық технологиялар министрлігі арасындағы Ақпараттық технологиялар паркі шеңберіндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Үндістан Республикасының Коммуникациялар және ақпараттық технологиялар министрлігі арасындағы Ақпараттық технологиялар паркі шеңберіндегі өзара түсіністік туралы меморандум

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Үндістан Республикасының Коммуникациялар және ақпараттық технологиялар министрлігі (б ұ д а н ә р і - " Т а р а п т а р ") ;

"Ақпараттық технологиялар паркі" (бұдан әрі - АТП) арнайы экономикалық аймағының шеңберінде жоғары технологиялық іс-шараларға қатыса отырып;

Тарап мемлекеттері Ақпараттық технологиялардың секторында технологиялар мен қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге қатысатынын және осы салада әріптестік орнатуға ниет білдіретінін назарға ала отырып;

АТ секторында Тараптар арасындағы ауқымды сауда үшін әлеуетті және барынша бағытталған әрі жалпы көлемді әдістер арқылы осы әлеуетті мейлінше көбейту қажеттігін м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

АТ секторындағы технологиялар мен рынокты дамытуға, инвестициялардың, бірлескен кәсіпорындардың, бірлескен бастамалардың өсуіне ықпал етуге ынтылау білдіре о т ы р ы п ;

екі ел арасында сауда ынтымақтастығын көтермелеуге бағытталған технологиялар мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықтың іске асырылуын ниет ете отырып; мыналар туралы өзара түсіністікке қол жеткізді:

1-бап

Негізгі қағидаттар

Тараптар Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес және тең құқықты, ынтымақтастық және өзара тиімді негізде АТ саласында барынша тығыз ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға ықпал ету ниетін растайды.

2-бап

Ынтымақтастық саласы

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай салаларды қамтиды:

1. Бағдарламалық қамтамасыз ету, оның ішінде телекоммуникациялық бағдарламалық қамтамасыз ету;
2. АТ-та қызметтер көрсету;
3. Электрондық коммерция және ақпараттық қауіпсіздік;
4. Электрондық басқару;
5. АТ және электрондық компьютерлік жабдық;
6. АТ саласында еңбек ресурстарын, білім беру мен АТ білім беру сервистерін дамыту;
7. Ақпараттық технологиялар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер;
8. Үшінші ел рыноктарын зерделеу;
9. Тараптар арасында өзара айтылған басқа да салалар.

3-бап

Іске асыру

Осы Меморандумның 2-бабында айқындалған ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды орындау үшін мыналарды айқындайтын және жәрдем көрсететін ақпараттық технологиялар саласындағы қазақстан-үнді жұмыс тобы (бұдан әрі - "Жұмыс тобы") :

1) Инновациялық әзірлемелер саласындағы зерттеулер, АТП инфрақұрылымын бірлесе қаржыландыру мен дамытуды жүзеге асыру кезінде қажеттілікті зерделеуге және қолдауға ;

2) АТ саласында алмасу бағдарламаларының, конференциялар, оқыту бағдарламалары мен семинарларын бірлесе қаржыландыру көмегімен тәжірибе жинақтауда ;

3) АТ жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласында жаңа компанияларды тез дамыту мен бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыру үшін мүмкін болатын жерлерге екі елдің кәсіпкерлерін тартуда;

4) екі Тарап арасында қабылданған технологияларды, азық-түліктерді, сауданы және рынокты дамытуда;

5) АТ және бағдарламалық қамтамасыз ету саласында техникалық сарапшылармен алмасуда;

б) өзара келісім жөнінде келісілген ынтымақтастықтың кез-келген басқа да салаларында қалыптасатын болады.

4-бап

Жұмыс тобы

1. Бағдарламаларды айқындау және жылжыту мақсатында Тараптар осы Меморандумның 3-бабында айқындалған Жұмыс тобының мүшелері ретінде бір немесе бірнеше өкілдерді тағайындауы тиіс. Тағайындалған өкілдер тиісті Тараптардың бірлескен іс-әрекеттерімен айқындалған әзірлемелерге жауап беретін болады.

2. Жұмыс тобы осы Меморандумның 2-бабында белгіленген ынтымақтастық ауқымының орындалуына жауапты болады. Жұмыс тобы осы Меморандумның 3-бабына сәйкес іс-шаралардың болашағын белгілейтін және айқындайтын консультациялар жүргізіп, орындалатын іс-шараларды қарастыра немесе осы іс-шараларға қатысы бар мәселелерді талқылай алады. Қажет болған жағдайда және екі жақты келісім бойынша жұмыс тобы Қазақстанда және Үндістанда уақыттың келісілген кезеңінде жұмыс кездесулерін жүргізеді.

3. Жұмыс тобының құрамын және жұмыс тобының талқылауына жататын маңызды мәселелерді Тараптар Жұмыс тобының әрбір кездесуі алдында айқындайды және келіседі.

5-бап

Ынтымақтастық жолы

1. Осы Меморандумда айқындалған барлық бірлескен іс-шаралар Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

2. Өзара түсіністік туралы осы Меморандумның 2, 3 және 4-баптарына сай жасалған барлық бірлескен іс-қимылдар Тараптарда қорлар мен басқа да ресурстардың болуына байланысты болады. Бірлескен іс-қимылдарға арналған шығыстар Тараптар өзара келісім бойынша бөлетін болады.

6-бап

АТ-салалары арасындағы ынтымақтастық

Тараптар жеке компаниялар мен АТ салаларының ұйымдары арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге ықпал ететін болады.

7-бап

Санаткерлік меншіктің құқықтарын қорғау

Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау осы Меморандумнан туындайтын кез келген қызметке қолданылады және бұл құқықтар меншігін бөлу әрбір жағдайда Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына, сондай-ақ олар қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес айқындалуы тиіс.

8-бап

Ақпарат ұсыну

Тараптар, яғни бір де бір Тарап үшінші елге осы Меморандум шеңберінде бірлескен қызмет процесінде екінші Тарап ұсынған кез келген ақпаратты, оған тек сол екінші Тараптың жазбаша рұқсаты болуын қоспаған жағдайда ашпауды және бермеуді растайды.

9-бап

Түзетулер

Осы Меморандум қажет болған жағдайда дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың өзара жазбаша келісімі жолымен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

10-бап

Қайшылықтарды реттеу

Осы Меморандумды түсіндіруге байланысты Тараптар арасындағы даулар Тараптар арасындағы консультациялар және/немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Әрекет ету кезеңі

1. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5 жылға жасалады. Осыдан кейін Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісу кезінде тағы да осындай бес жыл кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Осы Меморандумның қолданысы Тараптардың бірі өзінің әрекетін тоқтату ниеті

туралы екінші Тарапты тиісті жазбаша хабарлама алған күнінен бастап, алты ай өткен соң мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

2. Осы Меморандум әрекетінің тоқтатылуы осы Меморандумның 2 және 3-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын бірлескен қызметке қатысты болмайды.

2004 жылғы "15" қыркүйекте Дели қаласында екі түпнұсқалық данада: әрқайсысы қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде қайшылықтар туындаған жағдайда тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі үшін
министрлігі үшін*

*Үнді Республикасының
Коммуникациялар және
ақпараттық технологиялар*